

**"Темір ауданының жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы"
Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 214
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 тамыздағы № 85 шешімі
Темір аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Темір ауданының жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы" Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 214 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3–10–191 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Темір ауданының жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентінде:

1–тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Темір ауданының жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламенті (бұдан әрі – Регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39–3–бабының 3–1–тармагына, "Жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 болып тіркелген) сәйкес өзірленді.";

3–тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жиналыс жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ (бұдан әрі – ауылдық округ) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдық округ әкімі аппаратының шешімдерін келісу;

бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналысқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иелікten шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін Темір аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін Темір ауданы әкімінің ауылдық округ әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Заңның 39–3–бабы 3–тармағының 4–3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жиналышының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін құнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыштың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыштың мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыштың мүшелеріне және әкімге жиналыштың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жиналышқа шақырғанға дейін құнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжаттысында ұсынады.";

11 және 12–тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жиналыс өз өкілеттігі шеңберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыш мүшелерінің көвшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыштың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыштың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыштың өткізілген күні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысушылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жиналыс төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыштың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналышының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналышының хаттамасына жиналыштың

төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде Темір аудандық мәслихатының қарауына беріледі.

12. Жинаалыс қабылдаған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әкімдер жергілікті қоғамдастық жинаалысының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, бұл Регламенттің 2–тарауында көзделген

тәртіппен осындай келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені Темір ауданы әкімі Темір аудандық мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Шаймов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК